

Ата-аналар жиналысының хаттамасы № ¹ оқу жылы
2024-2025

Қатысқандар: 5

Сынып жетекші – Джантасова А.К

Ата-аналар – 4

Күн тәртібінде қаралған мәселе:

1. I тоқсан қорытындысы.
2. Мектеп формасы және мектептің ішкі тәртіп ережесімен таныстыру.
3. Сыныптағы оқушылардың үлгерімі, үздік және екпінді оқушыларды атап өту.
4. Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша сынып жетекшісі- Джантасова Айнур Калкашевна сөз алды. Ата-аналарға I-тоқсанның қорытындысын айтып өтті. I-тоқсанды барлығы 4 оқушымен аяқтады. Оның ішінде-2 қыз бала, 2-ұл бала.

Ата-аналарға оқушылардың үлгерімі туралы айтты.

Үздік- 2 оқушы

1. Даниярова Амина

2. Отешова Жасмин

Екпінді -2 оқушы

1. Бахир Самгат

2. Искаков Мирас Білім сапасы- 100 %, оқу үлгерімі -100 .%

Күн тәртібінің келесі мәселесі бойынша ата-аналарға оқу бағдарламасы, оқулықтар, кітап, дәптермен жұмыс жүргізілуі туралы айтылды. Оқулықтарды таза ұстау, қаптап, күнделіктерін толтырып жүру тапсырылды.

3. Мектеп формасы және ішкі тәртіп жайлы айтылды.

4. Жаңа оқу жылына арналған жоспарлар, сынып ішінде өтетін іс-шаралармен таныстырды.

Шешім:

1. I-тоқсан қорытындысы «жақсы» деп табылсын.

2. Оқушылар мектепке мектеп формасымен келу міндеттелсін.

3. Оқушылардың мектептегі оқу үлгерімін, тәртібін қадағалау сынып жетекшісіне жүктелсін.

Ата-аналар жиналысының хаттамасы №2
2024-2025 оқу жылы

Қатысқандар: 5
Сынып жетекші – Джантасова А.К
Ата-аналар – 4

Күн тәртібінде қаралған мәселе:

1. II тоқсан қорытындысы.
2. Дөңгелек үстел: Бала тәрбиесіндегі ата ана рөлі
3. Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша сынып жетекшісі Джантасова А.К II тоқсан қорытындысымен ата-аналарды таныстырып өтті. Сыныпта – 4 оқушы бар, олар 2- қыз бала, 2- ұл бала. Келген, кеткен оқушы жоқ. II тоқсанның қорытындысын айтылды. II тоқсан бойынша оқушылардың білім деңгейі айтылды. Білім сапасы-100%, оқу үлгерімі-100 %. Оқушыларды үнемі бақылап, қадағалап отыру біздің міндетіміз.

Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша ата-аналармен «Мен және менің балам» атты дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстелдің мақсаты: Бала тәрбиесінде ата-ананың алатын орнының ерекше екендігін түсіндіре отырып, ата-аналарға өз баласының ерекшелігін білуге, оның жан дүниесін түсінуге, ата-ана бойына өздерін тәрбиеші әрі мұғалім ретінде қарауға жауапкершілігін арттыру. Дөңгелек үстелге ата-аналар белсене қатысты.

Күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша әр түрлі мәселелер қозғалды. Ата-аналарға оқушылардың мектеп формасын, тазалығын, сабағын, мектепке келіп-кетуін қадағалау туралы айтылды.

Сөз сөйлегендер:

Ата-ана :

Апайдың өткізген дөңгелек үстелі өте қызықты өтті. Дөңгелек үстел жақсы деңгейде өтті. Қызықты тренингтер ұйымдастырылды. Осындай дөңгелек үстелдер жиі өткізіліп тұрса деген тілек білдіреміз. Сонымен қатар қызым сабағын үйдегі уақытта қадағалап отырамын.

Ата-ана:

Дөңгелек үстел маған да ұнады. Енді алдағы уақытта баламмен анасы ретінде емес, досы ретінде қарым-қатынас жасауға тырысамын. Ұлым математикадан есеп шығаруда қиындықтар туады. Қосымша сабақтарға қатысамыз..

Шешім:

- 1 II тоқсан қорытындысы «жақсы» деп бағалансын.
 - 2 Отбасындағы ата-анамен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту ата-анаға жүктелсін.
- Оқушылардың сабақ үлгерімі, тәртібі, тазалығын қадағалап отыру сынып жетекшісі мен ата-аналарға жүктелсін.

Ата-аналар жиналысының хаттамасы №3
2024-2025 оқу жылы

Қатысқандар: 5

Сынып жетекші – Джантасова А.К

Ата-аналар – 4

Күн тәртібінде қаралған мәселе:

1. III тоқсан қорытындысы.

2. Баяндама «Менің балам қандай?»

3. Әртүрлі мәселелер.

Тындалды:

Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша сынып жетекші Джантасова Айнур Калкашевна III тоқсан қорытындысымен таныстырды. III тоқсан қорытындысы бойынша білім сапасы 100 пайызды көрсетті. Сыныпта 4 оқушы, үздік 2 оқушы Даниярова Амина, Отешова Жасмин Екпінді - 2 оқушы Искаков Мирас, Бахир Самгат

Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша сынып жетекші Джантасова А.К «Менің балам қандай?» тақырыбында баяндама оқыды. Бүгінгі білім беру жүйесіндегі өзгерістер мен жаңалықтар еңбек тәрбиесіне жаңаша қарауды талап етіп отыр. Балаларға адамгершілік салаларды қалыптастыруда отбасы шешуші рөл атқарады. Сол себепті әр ата-ана өз баласымен тығыз байланыс орнату қажет.

Күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша ата-аналар өздерін толғандырып жүрген мәселелер бойынша сұрақтар қойып пікірлесті.

Сөз сөйлегендер:

Ата-ана :Баяндама жақсы, түсінікті болды. Мектеппен әрқашанда тығыз байланыста болуға тырысамыз. Баламыздың тәрбиелі білімді болғаны барлық ата-ана үшін маңызды деп ойлаймын. Мектеппен, сынып жетекшімен жақсы қарым-қатынас жасаған. Ұйымдастыру жұмысы да жақсы. Ата-ана: Жиналыста баламыздың тәрбиелі, жақсы білім алу үшін сынып жетекшімен, мектеппен жақсы қарым-қатынаста болу керек екендігін түсіндім. Сонымен қатар өткізілетін шараларға да қатысуға мүмкіндігімізше тырысамыз.

Шешім:

III тоқсан қорытындысы «жақсы» деп табылсын.

Бала тәрбиесін қадағалау жұмыстары ата-ана жағынан күшейтілсін.

Оқушылардың сабақ үлгерімін, тәртібін, тазалығын қадағалап отыру сынып жетекшісі мен ата-аналарға жүктелсін.

Ата-аналар жиналысының хаттамасы №4
2024-2025 оқу жылы

Қатысқандар: 5

Сынып жетекші – Джантасова А.К

Ата-аналар – 3

Күн тәртібінде:

1 Жылдық қорытынды есебі.

2 Балам қалай бағаланып жүр?

3 Ағымдағы мәселелер.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі І-ші мәселеге сәйкес ата-аналар балаларының ІҮ оқу тоқсаны мен жылдық оқу қортындысын тыңдады. Жалпы сынып бойынша білім сапасы-100 пайыз, оқу үлгерімі -100 пайыз. Жыл қорытындысы бойынша өте жақсы.

Екіншіден ата-аналарға баланың жыл бойына сабақтан себепсіз қалатын оқушылардың бар екендігі айтылды. Сонымен бірге ата-ана жиналысына шақырғанда түгел келмейтіндігі, жалпы ата-аналардың балдарына тәртібіне көңіл бөлу керектігі айтылды.

Күн тәртібіндегі ІІ-ші мәселе бойынша «Жазғы демалысты балалар қайда өткізу керек?» тақырыбында ата-аналармен сұхбаттасты. Балалар жазғы демалысында лагерьге барып демалғандары жақсы екені айтылды. Әр ата-ана өз баласының біліміне толықтай қанағаттанатынын айтты. Шындығыны келгенде, баланың сабағына өте қатты мән бермейтіндіктерін мойындады. Келешек әр ата-ана өз баласының оқуына, сабағынан ретсіз қалмауына баса көңіл аударатындарын айтты.

Шығып сөйлеушілер:

Баламның оқу қортындысына көңілім толады. Балам жазғы демалыста ата-анасының жанында болады. Баламызды өмір қауіпсіздігіне, жүріс –тұрысына толық өзіміз жауап береміз

Шешім:

ІҮ оқу тоқсан, жылдық оқу қортындысы «жақсы» деп бағалансын.

Балалардың жазғы демалыстарын тиімді ұйымдастыру ата-аналарға жүктелсін.